

«Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы» ЖШС

**«Жаһандық құзыреттілік пәні бойынша педагогтердің құзыреттілігін
инновациялық технологияларды қолдану арқылы арттыру»,
«Повышение предметных компетенций педагогов преподающих предмет
глобальные компетенции через применение инновационных технологий»**

**тақырыбындағы қазақ, орыс мектептеріндегі педагогтеріне арналған
біліктілікті арттыру курсының**

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Сағат саны: 80
Тындаушылар санаты:
жалпы білім беру ұйымдарының
педагогтері**

«Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы» ЖШС

**«Жаһандық құзыреттілік пәні бойынша педагогтердің құзыреттілігін инновациялық технологияларды қолдану арқылы арттыру»,
«Повышение предметных компетенций педагогов преподающих предмет глобальные компетенции через применение инновационных технологий»**

**тақырыбындағы қазақ, орыс мектептеріндегі педагогтеріне арналған
біліктілікті арттыру курсының**

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беру мекемелерінің педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының **«Жаһандық құзыреттілік пәні бойынша педагогтердің құзыреттілігін инновациялық технологияларды қолдану арқылы арттыру», «Повышение предметных компетенций педагогов преподающих предмет глобальные компетенции через применение инновационных технологий»** (бұдан әрі – Бағдарлама) тақырыбындағы қазақ, орыс мектептеріндегі педагогтерді оқытуды регламенттейді.

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген)

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасында орта білім беру саласындағы жаңа нормативтік құжаттарға сәйкес білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары мен деңгейін анықтау тәсілдерімен таныстырып практика жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Оқу барысында мұғалімдер бағдарламаның бөлімдерімен танысып оқу қағидаттары және табысты мұғалімге қажетті әдіс-тәсілдер мен дағдылар жан-жақты зерделенеді.

Бағдарлама жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, педагогтің кәсіби стандарты талаптарына сәйкес педагогтердің талдау және зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға, түрлі дереккөздермен жұмыс істеу машықтарын арттыруға, жаңашыл педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгеру мен кәсіби дамуына бағытталған.

Бүгінгі күн талабы табысты адам оқыту мен тәрбиелеу, білім алушыларда қалыптастыру, оның білімі мен іскерлігінің түрлері:

- азаматтық ұстаным;
- әлеуметтік жауапкершілік;
- мінез-құлық мәдениеттері;
- басқаларға деген жауаптылық пен құрмет;
- салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары;
- сыни, шығармашылық және шығармашылық ойлау дағдылары;
- алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары;
- зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдылары.

Білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет.

- оқушылардың белсенділігін арттыру үшін АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдану;

- медиақұралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсіну, әртүрлі пікірлерді талдау және салыстыру;

- білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру;

- тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;

- білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту;

- эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;

- мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

- медиақұралдарды қолдана отырып, ғаламдық мәселелерге қатысты тақырыптарды нақтылау және әртүрлі пікір тұрғысынан сыни талдау жасау;

- АКТ қолдана отырып, таныстырылым дайындау, салыстыру, бағалау, зерттеу және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдеу.

«Жаһандық құзыреттілік пәні бойынша педагогтердің құзыреттілігін инновациялық технологияларды қолдану арқылы арттыру», «Повышение предметных компетенций педагогов преподающих предмет глобальные компетенции через применение инновационных технологий» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтердің негіздемесі:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін

басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2200029031](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031));

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2200029136](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2200029916](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916))

3. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2300032306](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032306))

4. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқуағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2000020708](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708) 6

5. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2200029329](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329))

6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.11.2017ж. №596 бұйрығы, 05.07.2023 ж. №197 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1700016138](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138));

7. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту

министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>)

8. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>)

9. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>)

10. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768>)

11. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292>

12. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890>)

13. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 29.01. 2016 ж №122 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013418>)

14. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. № 175 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029446>)

15. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355

бұйрығымен
өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V15H0010279](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279))

енгізілген

16. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен
өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1600013420](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420));

енгізілген

17. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 ж. №350 бұйрығымен
енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1800017553](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553))

2. Глоссарий

Азаматтық - өз елінің азаматы ретінде өзін-өзі тану дәрежесі және соған сәйкес мінез-құлық, жеке тұлғаның қоғамның өркендеуіне белсенді ықпал етуге дайындығы.

Білім беру тәжірибесін жобалау - оқытуды құрайтын барлық компоненттерді жүйелі бағдарламалау.

Білім беру тәжірибесін жобалау - оқытуды құрайтын барлық компоненттерді жүйелі бағдарламалау

Блум таксономиясы - бұл педагогикалық мақсаттарды жіктеу, сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі. Тақырыпты тек есте сақтау ғана емес, талдау бағалауға жетелейді.

Білік - адамның белгілі бір құбылыс не күрделі мәселе жөнінде ой жүгіртіп, өзінше пайымдай білу қасиеті.

Жаһандық құзыреттілік («global competence») — өмір бойы оқытудың көп қырлы мақсаты. Жаһандық құзыреттілік - бұл адамдар арасындағы айырмашылықтардың өзін және басқаларды қабылдауға, пайымдауға және бейнелеуге қалай әсер ететінін түсіну және адамның қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде әртүрлі мәдени ортадағы басқа адамдармен ашық, тиімді қарым-қатынасқа қатысу үшін әртүрлі көзқарастардан әлемдік және мәдениетаралық мәселелерді сыни тұрғыдан қарау мүмкіндігі.

Жаһандық құзыреттілік - жаһандық сипаттағы және мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін әртүрлі көзқарастардан сыни тұрғыдан қарастыру қабілеті; мәдени, діни, саяси, нәсілдік немесе басқа да айырмашылықтар біздің және басқа адамдардың қабылдауына, пайымдаулары мен көзқарастарына қалай әсер етуі мүмкін екенін түсіну; ортақ негізде басқа адамдармен ашық, құрметті және тиімді қарым-қатынасқа түсу, адамның қадір-қасиетін құрметтеу.

Дағды – тұлғада қайталау арқылы пайда болатын автоматтандырылған икемділік. Кез келген жаңа әрекет алдымен баяу басталып, көп қайталаудың нәтижесінде дағдыға айналады.

Зерттеу— белгілі бір нысанды қоғам мүддесіне сай оның пайда болу заңдылықтарын, дамуы мен өзгеруін анықтау мақсатындағы (пән, тақырып, құбылыс, оқиға т.б.) ғылыми зерделеу үдерісі.

Зертханалық сабақ—оқушылар тарихи мәтіндермен (оқулықпен, дереккөздермен, көркем әдебиетпен) жұмыс істейді. Зертханалық жұмыстың қорытындысында міндетті түрде дәптерде, немесе таныстырылым, плакат түрінде белгілі бір нәтиже рәсімделуі тиіс.

Оқытудың интерактивті әдісі - мұғалім мен оқушының диалог немесе әңгіме режимінде өзара әрекеттесуін қамтитын әдіс. Оқытудың интерактивті әдістерінің мәні-олар мұғалім мен оқушылар арасындағы кең өзара әрекеттесуге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өздері арасындағы өзара әрекеттесуге де бағытталған.

Оқудың зерттеушілік моделі - белгілі бір тақырып бойынша басқалардың көзқарастары туралы ақпарат жинастыруға және дәйектер мен пікірлерді талдау мен жинақтау үшін ақпарат көздерін пайдалануға үйретеді.

Оқу бағдарламасы - оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

Оқудың зерттеушілік моделі – зерттеушілік үдерісті зерделеуге мүмкіндік береді, белгілі бір тақырып бойынша басқалардың көзқарастары туралы ақпарат жинастыруға және дәйектер мен пікірлерді талдау мен жинақтау үшін ақпарат көздерін пайдалануға үйретеді.

Оқулық – мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және пән бойынша оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу пәні бойынша білім мазмұнын ашатын және оқушының білімін кеңейтіп, терең меңгеруге көмектесуге арналған оқу кітабы.

Қаржылық сауаттылық - бұл адамның қаржылық мінез-құлқы саласындағы білімнің, дағдылардың және көзқарастардың жиынтығы, бұл әлауқатты жақсартуға және өмір сүру сапасын жақсартуға әкеледі.

Кері дизайн - (backward design) - бағалаудың оқу әдістері мен формаларын таңдау алдында мақсат қою арқылы білім беру оқу бағдарламасын әзірлеу әдісі.

Құзырет - (лат. Competere - сәйкес келу, жақындау) – кез келген адам жақсы білетін сұрақтар шеңбері.

Кері байланыс – белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну, игеру, онымен келісіп, келіспейтіндігін көрсететін белгілі бір әрекет немесе оқиға туралы пікір, баға беру, жауапты реакция.

Критериалды бағалау—оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым талқысынан өткен, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті, нақты анықталған критерийлерге негізделген бағалау үдерісі.

Қалыптастырушы бағалау – мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы

Құндылықтар–баянды, мызғымас негізгі ішкі қағидаттар мен стандарттар. Түйінді құндылықтар өте тұрақты болып келеді, ал өзгерсе өте баяу, әрі ұзақ уақыт бойы өзгереді. Түйінді құндылықтар біздің өмір, өзіміз және бізді қоршаған адамдар, жалпы адамдардың әлеуеті және қоршаған адамдардың әлеуеті туралы көзқарасымыздың қалыптасуына негіз болады. Сондай-ақ құндылықтар дегеніміз біздің сенетін дүниеміз, олар біздің қоршаған ортаға деген қарым-қатынасымызды және мінез-құлқымызды анықтайды.

Патриотизм - саяси принцип пен әлеуметтік сезім, саналы сүйіспеншілік, Отанға деген сүйіспеншілік, оған деген адалдық және ол үшін құрбандыққа дайын болу.

Пәндік құзыреттілік - бұл белгілі бір пәндік салада белгілі бір әрекетті тиімді орындау үшін қажетті және жоғары мамандандырылған білімді, пәндік дағдылардың, дағдылардың, ойлау әдістерінің ерекше түрін қамтитын ерекше қабілеттер.

Проблемалық оқыту – оқушылардың шығармашылық ойлау деңгейін жетілдірудің және оқу үдерісіне қатыстырудың тиімді тәсілдерінің бірі – бұл сабақта проблемалық жағдаят тудыру, оны шешудің ықтимал жолдарын іздеу және алға қойылған міндетті оңтайлы шешу.

Сауаттылық – адамның одан арғы өмірінің дұрыс өрбуінің алғашқы іргетасы, адамның сыртқы ортамен жақсы қарым-қатынас жасау, тез бейімделу және сол ортада әрекет ете алу қабілеттілігі.

Талдау - бұл тұтас нысанды (пән, тақырып, құбылыс, үдеріс) ойша немесе материалдық тұрғыдан үйрену үшін құрамдас бөліктерге бөлу шарасы.

Тарихи сана- бұл тарихты білу, тарихи тәжірибені және одан туындайтын сабақтарды түсіну, әлеуметтік болжау, олардың қызметі үшін тарихи жауапкершілікті сезіну.

4С моделі- мидың қалай оқитыны туралы нейреғылым деректеріне негізделген оқу сабақтарын жобалаудың төрт компонентті білім беру моделі.

Талдау – бұл тұтас нысанды (пән, тақырып, құбылыс, үдеріс) ойша немесе материалдық тұрғыдан үйрену үшін құрамдас бөліктерге бөлу шарасы.

Тәжірибелік сабақ– мұнда басты міндет – тәжірибелік жұмыс орындау. Мысалы, бұл контурлық карта және сабақ ішінде онымен жұмыс істеу болуы мүмкін. Дәуірге жақындататын құралды құрастыру болуы мүмкін.

Рефлексия – (лат. reflexio – өткенге жүгіну) субъектінің назарын өзіне, атап айтқанда, оларды қайта ойлап, қорыту мақсатында өз белсенділігінің өніміне аударуы. Педагогикада рефлексия сабақтың бір кезеңі ретінде қарастырылады. Ол кезде сабақ барысында алынған білім сыни тұрғыдан талданып, меңгерілген біліммен салыстырылып, өзіндік түсінік пайда болады.

Экологиялық мәдениет - бұл адамдардың табиғатты, қоршаған әлемді қабылдау деңгейі және оның ғаламдағы орнын бағалау, адамның әлемге,

барлық тіршілік иелеріне құндылық қатынасы; бұл адамның өзі қоршаған әлемге, тірі табиғатқа тіршілік әрекетінің субъектісі ретінде қатынасын білдіреді.

3. Бағдарлама тақырыбы

№	Дәріс түрі	Мазмұны, тақырыбы	Сағат саны
1	Теория Практика	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауып, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»; Білім беру саласындағы ұлттық басымдықтар. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы мән мәтінінде педагогтердің пәндік құзыреттілік деңгейін арттыру. "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" ҚР Заңын енгізу жағдайында орта білім беру жүйесінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 Қаулысы. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы», «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 Қаулысы. Тәжірибелік сабақ: хабарлама, баяндама дайындау, әр түрлі құжаттарға талдау жасау, анықтамалармен, нұсқаулық мәліметтермен, нормативтік құжаттармен жабдықтармен жұмыс істеу, кәсіби жағдайлық міндеттерді шешу, проблемалық жағдайды талдау, әр	4/4

		түрлі тапсырмалар орындау, эссе жазу. ХХІ ғасырдағы білім алушыларға ұлттық басымдықтарға, сондай-ақ екпінді өзгеріп жатқан әлемнің сын-тегеуріндері мен мүмкіндіктеріне сәйкес қажетті білімді, дағдыларды, тәсілдер мен құндылықтарды көрсететін Қазақстандағы білім берудің мазмұнын жетілдіру.	
2	Теория	Педагогтердің цифрлық білім беру контентін жасақтаудың тиімді әдістері мен білім берудегі маңыздылығы. Мультимедиа технологиясы және дәстүрлі оқыту формасын оқыту үдерісінде қолдану ерекшеліктері. Электрондық – әдістемелік жүйе жасақтау технологиясы. Интернет желісінің ақпараттық қорлары. Цифрлық білім ресурстары мен ЦБР топтамалары және оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану. Білім беру мақсатында телекоммуникациялық құралдарды пайдалануда жағдайында ақпараттық-логикалық модельдеудің әдістемесі. Бағдарламалық жасақтаманы қолдану дағдыларын қалыптастыру, (коммуникативті, интеллектуалды, ерікті және көшбасшылық дағдылар). Оқыту нәтижелерін және бағалау критерийлерін анықтау дағдыларын жетілдіру.	6 2
3	Теория	«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамыту; «Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыру;	6
4	Семинар - практикум	«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп,	6

		сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әлауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кіру; «Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағыттау;	
5	Семинар - практикум	«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастыру; «Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сынып) білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағыттау; Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.	6
6	Семинар - практикум	Оқу бағдарламасын іске асыру: жоспарлау. Оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта, оқу-зерттеушілік және өмірлік жағдаяттарда алған білімдерін қолдану біліктілігін дамытатын тапсырмаларды және жаттығуларды кеңінен қолдану. Проблемалық жағдаяттар: кездейсоқтық, дәлелдеу, жоққа шығару, болжау жағдаяттары.	4
7	Теория	«Жаһандық құзыреттер» ұғымы, жобалау жұмысының тақырыптары мен мақсаттарын, жобалау тобы	4

		мүшелерін, қажетті ақпарат көздерін, ақпаратты талдау және жинау тәсілдерін, нәтижелерді ұсынуды айқындайды. Білім алушылар жоба нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін белгілейді, жобалық топ мүшелері арасында міндеттерді бөледі.	
8	Семинар - практикум	«Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы бар кейбір мәселелерді зерттеу» бөлімінде жаһандық экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық және басқа да мәселелердің негізгі түрлері қарастырылады. Жобалау жұмысы кезінде білім алушыларға зерттеу жүргізу үшін тақырыпты таңдауда еркіндік беріледі. Зерттеу тақырыбын анықтағаннан кейін педагогтер халықаралық және жергілікті дереккөздерге шолу жасайды.	6
9	Практика	Оқу үдерісі инновациялық педагогикалық тәсілдермен сүйемелдеу: Ойын арқылы: оқушыларға белсенді ойлау және әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы оқытудың мағынасын табуға мүмкіндік беретін позитивті-эмоционалды орта қалыптастыру. (The LEGO Foundation, 2017). Экспериментальды: мазмұнды өмірлік жағдаяттармен ықпалдастыруға мүмкіндік беретін тәсіл. Бұл тәсіл жобалық және зерттеу арқылы оқу. (The Brookings Institution, 2019). Ақпараттық: оқушыларға компьютерлердің проблемаларды қалай шешетінін түсінуге мүмкіндік беретін, проблемаларды шешуде қолдау. (The Brookings Institution, 2019). Физикалық: қозғалыс арқылы оқытудағы физикалық белсенділікті қамту тәсілі. (OECD, 2018). Мультисауатты: тіл алмасуды қолданудың әртүрлі тәсілдеріне назар аударатын және оқуды мәдени хабардарлықпен байланыстыру тәсілі. (OECD, 2018) Белсенді оқыту; Оқытудағы зерттеушілік әдіс; Проблемалық оқыту; Коммуникативті тәсіл. Жалпы орта білім деңгейінде тарих пәні үшін ақпараттық сауаттылықты дамыту(сызбанұсқалар, кестелер) құрастыру және толтыру, ақпарат жинауды ұйымдастыру және оған талдау жасау, сызбалар құру және талдау, модельдеу әдістерін қолдану. Технологиялық білім мұғалім құзыреттілігінің көрсеткіші ретінде. Ақпаратты өндеу үлгілері; Блум таксономиясы; Жақын арадағы даму аймағы Маслоудің қажеттіліктер иерархиясы.	6

		SWOT-талдау. Сандық білім беру ресурстары мен виртуальды зертханаларды пайдалану. Оқудың диагностикалық мақсаттарын қою. Б.Блум таксономиясы. Б.Блум таксономиясы негізінде тарих пәні бойынша дамытушы тапсырмаларды әзірлеу тәсілдері. Проблемаларды шешу дағдыларын қолдау, шығармашылық және сыни ойлау, кәсіпкерлік дағдыларды дамыту, сондай-ақ өзін-өзі бағалау, өзін-өзі көрсету және ынталандыру мақсатында оқыту нәтижелеріне» құру»(creation) (Блум таксономиясында) оқыту мақсаттарының жаңа санатын қосуды талқылау.	
10	Семинар - практикум	Цифрлық құзыреттіліктер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсыныстар. Технологиялық білім мұғалім құзыреттілігінің көрсеткіші ретінде. Сандық білім беру ресурстары мен виртуальды зертханаларды пайдалану. Цифрлық құралдарды пайдалану пәндерге қызығушылық тудырады және білім алушылардың дағдыларын қалыптастырады: - цифрлық ресурстармен жұмыс істеу; - білімді кеңейту үшін білім алушылардың мультимедиялық ресурстарды пайдалануы; - орындалатын өзіндік жұмысқа жауапкершілікпен қарау, шығармашылықпен жұмыс істеу; - өз пікірін білдіру; - салыстырмалы жұмысты көшірместен жүргізу; - өз пікірін дәлелдеу және қорғау. Мұғалімдерге білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсынымдар: - сапалы білім беру үшін цифрлық білім беру технологияларын пайдалану; - материалды игеру және білім алушылардың олармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; - білім алушыларды интернетті қауіпсіз пайдалануға үйрету; - жеке деректеріңізді қорғау дағдыларын дамыту және Интернеттен ақпаратты қалай дұрыс іздеу керек және интернеттен тапқан ақпараттың дұрыстығын тексеруге дағдыландыру; - онлайн форматында оқу үшін онлайн ресурстарды пайдаланудың негізгі қағидаларын пайдалану арқылы кітапханалар, мәліметтер базасы және білім беру	6

		платформаларындағы материалды зерттеу; - білім алушылардың мәтіндік редакторлармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, электрондық кестелер және басқа бағдарламалармен жұмыс жасауға дағдыландыру; - цифрлық әлемде білім алушылардың коммуникация дағдыларын дамыту. Пәндік, мета-пәндік және негізгі құзыреттерді дамыту бойынша ұсынымдар. Пәндерді оқытуда әртүрлі белсенді әдістерді, тәсілдерді және оқыту стратегияларын қолдану. Оқу үдерісі инновациялық педагогикалық тәсілдермен сүйемелдеу: Ойын арқылы: оқушыларға белсенді ойлау және әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы оқытудың мағынасын табуға мүмкіндік беретін позитивті-эмоционалды орта қалыптастыру. (The LEGO Foundation, 2017). Экспериментальды: мазмұнды өмірлік жағдаяттармен ықпалдастыруға мүмкіндік беретін тәсіл. Бұл тәсіл жобалық және зерттеу арқылы оқу. (The Brookings Institution, 2019). Ақпараттық: оқушыларға компьютерлердің проблемаларды қалай шешетінін түсінуге мүмкіндік беретін, проблемаларды шешуде қолдау. (The Brookings Institution, 2019). Физикалық: қозғалыс арқылы оқытудағы физикалық белсенділікті қамту тәсілі. (OECD, 2018). Мультиаудитивті: тіл алмасуды қолданудың әртүрлі тәсілдеріне назар аударатын және оқуды мәдени хабардарлықпен байланыстыру тәсілі. (OECD, 2018). Оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Қазіргі заманғы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау проблемаларының теориялық негіздері. Мемлекеттердің бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі бірлескен күш-жігері. Халықаралық және аймақтық ұйымдардың қызметтері. «XXI ғасырдағы әлем: халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары мен тәсілдері» тақырыбындағы зерттеулер. Оқытудың әдістемелік тәсілдері бойынша кейсті талдау. Белсенді оқыту; Оқытудағы зерттеушілік әдіс; Проблемалық оқыту; Коммуникативті тәсіл. Проблемаларды шешу дағдыларын қолдау, шығармашылық және сыни ойлау, кәсіпкерлік дағдыларды дамыту, сондай-ақ өзін-өзі бағалау, өзін-өзі көрсету және ынталандыру мақсатында оқыту нәтижелеріне» құру» (creation) (Блум таксономиясында)	
--	--	--	--

		оқыту мақсаттарының жаңа санатын қосуды талқылау.	
11	Іскерлік ойын	Зерттеу біліктері мен дағдыларының теориялық негіздері. Білім алушылардың зерттеу әрекеті мен іздеу белсенділігінің өзара байланысы. Балаларды зерттеу біліктері мен дағдыларына арнайы жаттығулар жиынтығынан арқылы оқыту стратегияларын жобалау. Оқу бағдарламасын іске асыруға дайындық: ықшам сабақ жоспарлау.	10
12	Семинар - практикум	Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту. Қазіргі заманғы ғылыми технологиялардың теориялық негіздері. Ақпараттық технологиялардың қоғамның дамуына әсері. Қазіргі заманғы өркениеттің дамуындағы қазіргі ғылыми технологиялардың маңызы. Оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. «Әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және құрметтеу» үшінші бөлімі аясында білім алушылар әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің дүниетанымын түсінуге, толеранттылық танытуға, басқа адамдардың көзқарастарын құрметтеуге үйренеді. Білім алушылар жобаның зерттеу міндеттері кезең-кезеңімен орындауға және жинауды, оқытудың әдістемелік тәсілдері бойынша кейсті талдау. Зерттеу біліктері мен дағдыларының теориялық негіздері. Білім алушылардың зерттеу әрекеті мен іздеу белсенділігінің өзара байланысы. Балаларды зерттеу біліктері мен дағдыларына арнайы жаттығулар жиынтығынан арқылы оқыту стратегияларын жобалау. Оқу бағдарламасын іске асыруға дайындық: ықшам сабақ жоспарлау. Семинар - «Ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуға жәрдемдесу» ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығына арналған. Білім алушылар алынған нәтижелерді түсіндіре отырып, жобаның орындалу барысы туралы есеп дайындайды, негізгі қорытындыларға талдау жасалады. Ұғымдармен жұмыстың оқу үдерісінің нәтижелілігі, тарихи таным, академиялық тілді қалыптастырудағы рөлі. Білім алушылардың тарихты оқытудағы арнайы терминдерді игеру мәселелері. Ұғымдарды қалыптастыру әдістері, ақыл-ой әрекетінің дағдыларын қалыптастыратын негізгі логикалық әдістерді талдау. Осы тақырып бойынша сабақты білім алушылардың ойлау қызметін белсендендіруге және логикалық ойлауын дамытуға	10

		бағытталған ұғымдарды пайдалана отырып, жоспарлау. Оқу бағдарламасын іске асыруға дайындық: ықшам сабақты өткізу.	
		Барлығы	80

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

- Бұл бөлім Бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығын, оқыту нәтижелерінің педагогтердің жұмыс тәжірибесіне тигізетін әсерін сипаттайды. Бағдарлама мақсаты: оқушыларды қазіргі жағдайды түсінуі үшін, жергілікті және жаһандық азамат ретінде қоғамның дамуына белсенді және жауапты үлес қосуы үшін және олардың өткенге деген жеке қызығушылығын одан әрі зерттеу және қолдау үшін қажетті тарихи біліммен, дағдылармен, құндылықтармен қамтамасыз ету;

- оқушыларды сенімді, тәуелсіз, сыни және рефлексивті ойлай алуы үшін тарихи зерттеулерге белсенді түрде тарту;

- оқушыларды тарихқа қатысты сыни сұрақтар қою және оған тиісті жауаптарға қол жеткізуі үшін тарихи контексте бірқатар дереккөздерді сыни тұрғыдан зерттеу қабілеттерін дамыту;

- оқушыларға тарихтың негізгі кезеңдері, қоғамдастықтары мен аспектілері туралы білім мен түсінік алуға мүмкіндік беру;

- оқушыларды түрлі бұқаралық ақпарат құралдарын қолдана отырып, тарихи білімдері мен түсініктерін басқаға ұсыну және жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

Педагогтердің пәндік құзыреттерін, сабақтарын дайындау және өткізудің практикалық міндеттерін шешудегі тұжырымдамалық тәсіл біліктерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолданудың жолдарын сараптау

- кәсіби құзыреттілігі мен қызметін нәтижелі қалыптастырудағы көкейкесті сұрақтарды талқылап, оқу барысында рефлексия жасап, топтағы пікірталас пен кері байланысты жүзеге асыру.

- бағдарламаны игеру арқылы оқуда нәтижеге жетуде тиімді әдістерді қолдана отырып, оқу материалдарын іздестірудің ерекшеліктеріне назар аудару қажеттілігін талқылау.

- тыңдаушыларды тарих сабағында пайдалануға болатын түрлі талдау стратегияларымен таныстыру;

- білім алушылардың азаматтық ұстанымын және өз елінің мүддесіне қызмет етуге дайындығын қалыптастыруға;

- білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту: адалдық, әдептілік, ізгі ниет, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік;

- оқу бағдарламасы және пән мазмұнының жаңалықтарын меңгеру бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту;

- білім алушылардың сыни ойлау және функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңа дағды түрлері мен әдістерін пайдалануды жетілдіру;
- пән бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау үшін оқу тапсырмаларын құрастыруға үйрету;
- білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау дағдыларын пайдалануды дамыту;
- білім алушыларда медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру;
- заманауи IT-технологияларын пайдаланудың практикалық дағдыларын дамыту;
- технологиялық тәсілдеме негізінде сабақты жобалау дағдыларын жетілдіру.
- салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, экологиялық мәдениетті дамыту;
- қоғамның өміріндегі діннің рөлі туралы түсінік қалыптастыру.

Курс соңында күтілетін нәтижелері:

1) білім беру ұйымдарында тәрбие процесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді; білім беру мен тәрбиелеу жүйесін жаңартудың қажеттілігі мен өзара байланысын; әлемдік тәжірибе мен білім беру және тәрбиелеуді ұштастырумен байланысты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мазмұнын жетілдіру аясында тәрбие беру бағдарламасының мазмұнын біледі;

2) тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендірудің белсенді стратегияларын, тәрбие үдерісіндегі психологиялық қолдау, қауіпсіз білім беру ортасын құру, зорлық-зомбылықты және өз-өзіне қол жұмсауды болдырмау дағдыларын, тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру жүйесінде күтілетін нәтиже мақсаттарына сәйкес тәрбиеленуші білім алушылардың деңгейін критериалды бағалау жүйесін қолдана алады;

3) тұлғаның әлеуметтенуінде ақпарат пен білімді өз бетінше алу мен интербелсенді және тәрбиеге бағытталынған дағдыларын, тәуекелдік тәрбиенің жауапкершілікке айналдыру арқылы шешімді өз бетінше қабылдау дағдыларын меңгереді.

4) оқу бағдарламасы және пән мазмұнының жаңалықтарын меңгеру бойынша кәсіби құзыреттіліктерін игереді;

6) білім алушылардың сыни ойлау және функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңа дағды түрлері мен әдістерін пайдалануды біледі;

7) пән бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау үшін оқу тапсырмаларын құрастыруды біледі;

8) білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау дағдыларын пайдалануды біледі;

9) заманауи IT-технологияларын пайдаланудың практикалық дағдыларын меңгереді;

10) технологиялық тәсілдеме негізінде сабақты жобалау дағдыларын меңгереді.

Білім алушыда:

- 1) кең ауқымды дағдылар;
- 2) әлеуметтік жауапкершілік;
- 3) сыни, креативті және шығармашылық ойлау;
- 4) өз білімі мен іс-әрекеті үшін жауапкершілік, басқаларға жанашырлық пен құрмет көрсету;

5) салауатты өмір сүру дағдысы мен айналасындағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету;

- 6) өмір бойы білім алу қажеттілігі;
- 7) экстремистік, террористік діни топтар мен ағымдардың идеологиялары мен тәжірибесінің ықпалына қарсы иммунитет қалыптасады.

Білім алушы

- 1) тәжірибеде алған білімдерін;
- 2) өзінің және басқаның жаңа идеяларын;
- 3) сыни тұрғыдан бағалауды және ақпаратпен сенімді жұмыс істеуді;
- 4) зерттеушілік, жобамен жұмыс жасау және волонтерлік жұмыс дағдыларын;

5) тұрақты даму мүддесіндегі ашық, мейірімді қоғам құруға бағытталған білім мен дағдыларды қолданады.

Білім алушылар

- 1) өзінің оқуын және жеке дамуын қолдау үшін күшті және әлсіз жақтарын;
- 2) өзінің және басқалардың жақсы өмір сүруі үшін өмірдің түрлі аспектілерін;
- 3) басқалармен ынтымақтастық қарым-қатынасын;
- 4) мемлекеттік, саяси және діни бірлестіктер мен мәдениетаралық қатынастардың мәнін талдай алады.

Білім алушылар

- өз мінез-құлқы мен мәдениетін, жеке тарихын, сондай-ақ құндылықтар мен әртүрлі көзқарастарды;
- әр түрлі жағдайларда жауапты шешімдер қабылдауды сыни бағалайды.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульдерден тұрады:

Диагностикалық тестілеу	1-Модульдің оқытылатын тақырыптары бойынша пәндік деңгейін бағалау.
Нормативтік-құқықтық;	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3

	тамыздағы № 348 Бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауып, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»; Білім беру саласындағы ұлттық басымдықтар. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы мән мәтінінде педагогтердің пәндік құзыреттілік деңгейін арттыру. "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін акпараттан қорғау туралы" ҚР Заңын енгізу жағдайында орта білім беру жүйесінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 Қаулысы. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы», «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 Қаулысы. Тәжірибелік сабақ: хабарлама, баяндама дайындау, әр түрлі құжаттарға талдау жасау, анықтамалармен, нұсқаулық мәліметтермен, нормативтік құжаттармен жабдықтармен жұмыс істеу, кәсіби жағдайлық міндеттерді шешу, проблемалық жағдайды талдау, әр түрлі тапсырмалар орындау, эссе жазу. ХХІ ғасырдағы білім алушыларға ұлттық басымдықтарға, сондай-ақ екпінді өзгеріп жатқан әлемнің сын-тегеуріндері мен мүмкіндіктеріне сәйкес қажетті білімді, дағдыларды, тәсілдер мен құндылықтарды көрсететін Қазақстандағы білім берудің мазмұнын жетілдіру. Барлығы— 8 сағат
Психологиялық-педагогикалық	Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі — тұлғаның психологиялық саулығының шарты ретінде.

модуль	Барлығы– 2 сағат
Мазмұндық модуль	Педагогтердің цифрлық білім беру контентін жасақтаудың тиімді әдістері мен білім берудегі маңыздылығы. Мультимедиа технологиясы және дәстүрлі оқыту формасын оқыту үдерісінде қолдану ерекшеліктері. Электрондық – әдістемелік жүйе жасақтау технологиясы. Интернет желісінің ақпараттық қорлары Цифрлық білім ресурстары мен ЦБР топтамалары және оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану. Білім беру мақсатында телекоммуникациялық құралдарды пайдалануда жағдайында ақпараттық-логикалық модельдеудің әдістемесі. Бағдарламалық жасақтаманы қолдану дағдыларын қалыптастыру, (коммуникативті, интеллектуалды, ерікті және көшбасшылық дағдылар). Оқыту нәтижелерін және бағалау критерийлерін анықтау дағдыларын жетілдіру. 1) «Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамыту; 2) «Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыру; 3) «Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеністік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әлауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік

экономикалық кеңістікке кіру;

4) «Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағыттау;

5) «Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастыру;

6) «Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сынып) білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағыттау;

7) Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.

Оқу бағдарламасын іске асыру: жоспарлау. Оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы

Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта, оқу-зерттеушілік және өмірлік жағдаяттарда алған білімдерін қолдану біліктілігін дамытатын тапсырмаларды және жаттығуларды кеңінен қолдану.

Проблемалық жағдаяттар: кездейсоқтық, дәлелдеу, жоққа шығару, болжау жағдаяттары.

«Жаһандық құзыреттер» ұғымымен танысады, жобалау жұмысының тақырыптары мен мақсаттарын, жобалау тобы мүшелерін, қажетті ақпарат көздерін, ақпаратты талдау және жинау тәсілдерін, нәтижелерді ұсынуды айқындайды. Білім алушылар жоба нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін белгілейді, жобалық топ мүшелері арасында міндеттерді бөледі.

	«Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы бар кейбір мәселелерді зерттеу» бөлімінде жаһандық экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық және басқа да мәселелердің негізгі түрлері қарастырылады. Жобалау жұмысы кезінде білім алушыларға зерттеу жүргізу үшін тақырыпты таңдауда еркіндік беріледі. Зерттеу тақырыбын анықтағаннан кейін педагогтер халықаралық және жергілікті дереккөздерге шолу жасайды. «Мәдениеттер арасындағы ашық және тиімді өзара іс-қимылға қатысу» білім алушылардың өзіндік бірегейлігі мен мәдениеттердің алуан түрлілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға, әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға бағытталған. Білім алушылар ақпаратты талдау, қорытындыларды тұжырымдау және жобаны ресімдеу бойынша жұмыс жасайды. Барлығы– 40 сағат
Технологиялық модуль	Оқу үдерісі инновациялық педагогикалық тәсілдермен сүйемелдеу: Ойын арқылы: оқушыларға белсенді ойлау және әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы оқытудың мағынасын табуға мүмкіндік беретін позитивті-эмоционалды орта қалыптастыру. (The LEGO Foundation, 2017). Экспериментальды: мазмұнды өмірлік жағдаяттармен ықпалдастыруға мүмкіндік беретін тәсіл. Бұл тәсіл жобалық және зерттеу арқылы оқу. (The Brookings Institution, 2019). Ақпараттық: оқушыларға компьютерлердің проблемаларды қалай шешетінін түсінуге мүмкіндік беретін, проблемаларды шешуде қолдау. (The Brookings Institution, 2019). Физикалық: қозғалыс арқылы оқытудағы физикалық белсенділікті қамту тәсілі. (OECD, 2018). Мультисауатты: тіл алмасуды қолданудың әртүрлі тәсілдеріне назар аударатын және оқуды мәдени хабардарлықпен байланыстыру тәсілі. (OECD, 2018) Белсенді оқыту; Оқытудағы зерттеушілік әдіс; Проблемалық оқыту; Коммуникативті тәсіл. Жалпы орта білім деңгейінде тарих пәні үшін ақпараттық сауаттылықты дамыту(сызбанұсқалар, кестелер) құрастыру және толтыру, ақпарат жинауды ұйымдастыру және оған талдау жасау, сызбалар құру және талдау, модельдеу әдістерін қолдану. Технологиялық білім мұғалім құзыреттілігінің көрсеткіші ретінде. Ақпаратты өндеу үлгілері; Блум таксономиясы; Жақын арадағы даму аймағы

	Маслоудің қажеттіліктер иерархиясы. SWOT-талдау. Сандық білім беру ресурстары мен виртуальды зертханаларды пайдалану. Оқудың диагностикалық мақсаттарын қою. Б.Блум таксономиясы. Б.Блум таксономиясы негізінде тарих пәні бойынша дамытушы тапсырмаларды әзірлеу тәсілдері. Проблемаларды шешу дағдыларын қолдау, шығармашылық және сыни ойлау, кәсіпкерлік дағдыларды дамыту, сондай-ақ өзін-өзі бағалау, өзін-өзі көрсету және ынталандыру мақсатында оқыту нәтижелеріне» құру»(creation) (Блум таксономиясында) оқыту мақсаттарының жаңа санатын қосуды талқылау. Барлығы– 6 сағат
Вариативтік модуль	Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту. Қазіргі заманғы ғылыми технологиялардың теориялық негіздері. Ақпараттық технологиялардың қоғамның дамуына әсері. Қазіргі заманғы өркениеттің дамуындағы қазіргі ғылыми технологиялардың маңызы. Оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту «Әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және құрметтеу» үшінші бөлімі аясында білім алушылар әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің дүниетанымын түсінуге, толеранттылық танытуға, басқа адамдардың көзқарастарын құрметтеуге үйренеді. Білім алушылар жобаның зерттеу міндеттеріп кезең-кезеңімен орындауға және жинауды, оқытудың әдістемелік тәсілдері бойынша кейсті талдау. Зерттеу біліктері мен дағдыларының теориялық негіздері. Білім алушылардың зерттеу әрекеті мен іздеу белсенділігінің өзара байланысы. Балаларды зерттеу біліктері мен дағдыларына арнайы жаттығулар жиынтығынан арқылы оқыту стратегияларын жобалау. Оқу бағдарламасын іске асыруға дайындық: ықшам сабақ жоспарлау. Семинар - «Ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуға жәрдемдесу» ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығына арналған. Білім алушылар алынған нәтижелерді түсіндіре отырып, жобаның орындалу барысы туралы есеп дайындайды, негізгі қорытындыларға талдау жасалады. Ұғымдармен жұмыстың оқу үдерісінің нәтижелілігі, тарихи таным, академиялық тілді қалыптастырудағы рөлі. Білім алушылардың тарихты

	оқытудағы арнайы терминдерді игеру мәселелері. Ұғымдарды қалыптастыру әдістері, ақыл-ой әрекетінің дағдыларын қалыптастыратын негізгі логикалық әдістерді талдау. Осы тақырып бойынша сабақты білім алушылардың ойлау қызметін бенсендендіруге және логикалық ойлауын дамытуға бағытталған ұғымдарды пайдалана отырып, жоспарлау. Оқу бағдарламасын іске асыруға дайындық; ықшам сабақты өткізу. Барлығы– 24 сағат
	Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Бұл бөлім оқу процесінің форматын, сағат санын және оқыту нысандарын сипаттайды. Біліктілікті арттыру курстары:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқу, оқу-тақырыптық жоспарға сай аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және ол үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 48 сағат, қашықтықтан оқу – 20 сағат, өз бетімен оқу – 12 сағат.

Білім беру үдерісінің күндізгі және қашықтан оқуын ұйымдастыру барысында тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, кіріс, аралық, қорытынды тестілеу жүргізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Білім беру процесі оқу мен оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік жұмыс, көшпелі тәжірибелік сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақтың (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ қашықтан оқу режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін кіріс және шығыс сауалнамасы жүргізіледі, шағын сабақ/жоба жұмысын қорғау мен қорытынды тест алынады.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бөлімде оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері ұсынылған. Бағдарламаны іске асыру үшін дидактикалық көзқарасты сипаттайды Білім беру процесі оқытудың интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақ (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режиміндегі курстар үшін вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Оқу үдерісінде тыңдаушылар Бағдарламаның барлық модульдерінің мазмұны және оқу қағидаларымен танысады. Білім беру үдерісінің оқу және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі маңызды. Сабақты сәтті ұйымдастыруға тиісті әдіс-тәсілдер және дағдылар туралы біледі. Тарих пәні мұғалімдері үшін қажетті болып табылатын талдау стратегияларымен танысады. Деректермен жұмыс істей білудің маңыздылығын түсінеді. Оқыту барысында алынған білім мен ақпаратқа негізделген тиімді жоспарлау әдістерін ұсынуға мүмкіндік беріледі.

Оқытушы әр күннің сабақтарын талдауға назар аударуы керек, оларға шолу жасау керек, сонымен қатар кейінгі сабақтарды мұғалімдердің қажеттіліктеріне сай өзгертіп, бейімдеуі керек.

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілік арттыру жүйесіндегі АКТ енгізу келесі үдерістерді арттыруға бағытталған: білім беру үдерісінің тиімділігі: ақпараттық ресурстарды пайдалану, Интернет желісінің ақпараттық-телекоммуникациялық қолжетімділігі;

<https://t.me/centrnitBot>, [https:// center-nit.kz](https://center-nit.kz) платформасында берілген Smart-ресурстар бөлімі; қарастырған тақырыптар бойынша электронды құжаттарды құрастыру мен өңдеу (мәтін, компьютерлік таныстырылым, бейнефайлдар, т.б.) жобаны әзірлеу;

тыңдаушылардың АКТ құзыреттілігі.

Тыңдаушылардың білімін бақылау формасы: Тыңдаушылардың сапалы біліктілік арттыруын бақылау жүйесі негізгі формаларды қарастырады:

- бағдарламада ұсынылған тақырыптардың біреуі бойынша тыңдаушылардың өзіндік жұмысын бағалау;
- тәжірибеге бағдарланған жоба қорғау;
- кіру тестілеуі – тыңдаушылардың бастапқы деңгейін анықтау мен оқу үдерісін жеке бағытта ұйымдастыруды көздейді;
- шығу тестілеуі – курс бағдарламасы бойынша біліктіліктерінің қалыптасуы мен меңгерген білім деңгейін анықтауға, тыңдаушылардың өзін-өзі бақылау мен бағалау дағдыларын жетілдіру, курс аралық кезеңдегі жұмыста оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың әдістемелік және мазмұндық негіздерін жаңарту мақсатында алынған білімдер мен біліктерді жүйелеуге ықпал ету.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалау критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК-не енгізеді.

Білім беру жүйесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін ұлттық және халықаралық бағалауда тарих пәні және оның ішінде білім алушының сауаттылығы бойынша төмен нәтиже көрсетіп отыр. Осыған орай, тарих пәнін оқытудың заңдылықтарын ескере отырып сабақ жоспарларын талдауды, белсенді әдістер мен тәсілдерді тиімді қолдана білу, картамен жұмыс жасауды меңгеру тыңдаушылар үшін маңызды.

Сондықтан тарих пәні бойынша пәннің сапасын, әдістемелік құзыреттілігін арттыру мақсатында күрделі тақырыптар сараланып, модуль бағдарламасында тақырыптар таңдалып алынды.

Тақырыпты таңдау педагогтердің Ұлттық біліктілік тестін тапсыру кезіндегі қиындықтармен, сондай-ақ, тыңдаушылардың оқыту әдістерін таңдаумен негізделуі мүмкін.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізу процесінде де – формативті бағалау, сондай-ақ курс аяқталғаннан кейін оның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде бағдарламаны әзірлеуші айқындайтын нысанда жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау білім мен дағдыларды аралық бақылау және түзету үшін қолданылады. Практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ үзіндісін жобалау, тапсырмалар жүйесі түрінде өткізіледі.

Тапсырмалар, орындау бойынша ұсынымдар, орындау мысалдары, өзін-өзі тексеруге арналған эталондар, тапсырмаларды бағалау өлшемшарттары біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне кіреді.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке сұраулар бойынша консультация беру қамтамасыз етіледі.

Оқытушы тыңдаушылардың тапсырмаларды кестеге сәйкес орындауын бақылайды, жақсарту орындары мен тәсілдері көрсетілген толық кері байланысты ұсынады.

Әр тапсырмада тексеру және өзін-өзі тексеру үшін орындау стандарты немесе бағалау критерийлері бар.

Жоба/шағын сабақ таныстырылымының құрылымы

Педагогтар сабақты пән бойынша жоспарлайды және білім мазмұнын ескере отырып, оқытуды жоспарлау бойынша іс-әрекеттер ретінде әртүрлі кезендердің сабақ үзіндісін тапсырады.

Ықшам сабақты жоспарлауға қойылатын талаптар

Мақсаты - оқу бағдарламасына сәйкес педагогикалық ұстанымдарды, критериалды бағалау жүйесін түсіну мен қолдануды бағалау.

1. Оқу мақсатына сай болуды бағалау:

- Ықшам-сабақтың мақсаты оқу мақсатына сай;
- пән ерекшелігіне бағдарлануды бағалау;
- мақсаттар SMART форматында тұжырымдалған.

2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін қолдау үшін қалыптастырушы бағалау:

- Оқу пәнінің тақырыбына сай белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану;
- сабақ мақсатына жетуге ықпал ететін әдістер;
- оқу процесіне білім беру субъектілерін тартуға бағытталған әдіс-тәсілдер.

3. Саралау тәсілдерін таңдау:

- білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып сараланған сабақтарды әзірлеу;
- тапсырмаларды саралау тәсілдері.

4. Бағалау критерийлері:

0- «дәлелдер ұсынылмаған», 1 – «дәлелдер әлсіз», 2 – «дәлелдер күшті», 3 – «дәлелдер өте күшті» (Максимальды балл әр критерий бойынша – 3).

Таныстырылымның ұзақтығы - 5-7 мин.

Бағалау критерийлері			
Сабақтың мақсаты	Оқудың белсенді тәсілдері	Саралау тәсілдері	Критериальды бағалау
- Сабақтың мақсаты оқу мақсатымен келісілген; - сабақ мақсаты пән ерекшелігіне бағдарланған; - мақсаттар білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART форматында тұжырымдалған	- тәсілдерді таңдау пән бойынша тақырып мазмұнымен анықталған; - тақырып мазмұнымен анықталған тәсілдер оқу мақсатына жетуге ықпал етеді; - тәсілдер оқу процесіне білім алушыларды тартуға бағытталған.	- тапсырмалар білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып сараланған; - саралаудың әртүрлі тәсілдері жоспарланған (тапсырма, дереккездер, білім алушыларды қолдау т.б.); - саралау тәсілдері әрбір білім алушылардың мақсаттарға жетуіне ықпал етеді.	- бағалау оқу мақсатына сай келеді; - формативті бағалау оқуды қолдайды; - бағалау критерийлері пайдаланылады.

Өзіндік жұмыс практикалық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауға, бірқатар дәйекті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған: жоспар құру, оқушыға күрделі тақырыпты түсіндіруде іс-қимыл алгоритмін түсіндіру, зерттелетін тақырып аясында оқушыларға арналған тапсырмаларды, жаттығуларды, шағын тренажерларды, тесттерді өз бетінше таңдау, құру.

Жиынтық бағалау демо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т. б. түрінде жүргізілуі мүмкін.

Мысалы, қорытынды тестілеуді өткізу үшін модульде оқытылатын әр тақырыпқа 15 тапсырмадан тұратын тапсырмалар банкі әзірленеді. Тыңдаушы әр тақырыпқа 3 тапсырмадан 24 тест тапсырмасынан тұратын тест тапсырады. Тапсырмаларды таңдау кездейсоқ жүзеге асырылады.

Жоба жұмысы таныстырылымын бағалау үшін келесі критерийлер берілген:

- 0 балл – жүзеге асырылмады;
- 1 балл – ішінара жүзеге асырылды;
- 2 балл – толық жүзеге асырылды.

Жоба бойынша жоғары балл саны 20 балл.

Жоба жұмысының жиынтық бағасын дәстүрлі бағалау нормасына айналдыру үшін келесідей схема берілген:

- «5» бағасы (үздік) 17-20 балл үшін қойылады.
- «4» бағасы (жақсы) 14-16 балл үшін қойылады.
- «3» (қанағаттанарлық) 10-13 балл үшін қойылады.

Шағын сабақты бағалау критерийі

№	Бағалау критерийі	Балл
1	Сабақтың мақсаты SMART форматында құрылған.	
2	Белсенді тәсілдер барлық оқушыларды оқу үдерісіне жұмылдырған және оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған.	
3	Қалыптастырушы бағалау оқу нәтижесін арттыруға мүмкіндік береді.	
4	Оқушылардың қажеттіліктерін ескеру. Саралау тәсілдерін қолдану	
5	Ресурстарды пайдалану, соның ішінде АКТ ресурстары	
6	Мазмұнының қолжетімділігі және қисындылығы	
7	Уақытты тиімді пайдалану	

Шағын сабақ таныстырылымын бағалау үшін келесі критерийлер көрсетілген:

0 балл – бағалау элементі жоқ;

1 балл – дәлелі әлсіз;

2 балл – дәлелі орташа;

3 балл – дәлелі күшті.

Шағын сабақ таныстырылымы бойынша тыңдаушылар білімін бағалау жинақталған баллды бес баллдық жүйеге айналдыру арқылы жүзеге асырылады:

1) «Үздік»: 19-21 балл;

2) «Жақсы»: 15-18 балл;

3) «Қанағаттанарлық»: 11-14 балл.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	Нормативтік-құқықтық;	8	4
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	2	2
3	Мазмұндық модуль	40	12
4	Технологиялық модуль	6	2
5	Вариативтік модуль	24	8
	Барлығы		30

Бағдарламаның тиімділігін бағалау

Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының тиімділігін бағалау Томас Гаскидің кәсіби даму тиімділігінің бес деңгейлі моделі бойынша жүзеге асырылады. Бағдарламаның тиімділігін бағалаудың бірінші және екінші деңгейлері оқуды аяқтағаннан кейін бірден жүзеге асырылады.

9. Курстан кейінгі қолдау

Педагогтердің іс-әрекетін курстан кейінгі қолдау формалары:

1. Педагогтердің кәсіби дамуының нәтижелерін қолдау;

2. курстарды аяқтағаннан кейін бірінші күнтізбелік жыл ішінде тарих пәні мұғалімінің кемінде үш өзіндік жұмысын ұйымдастыру және өткізу;

3. біліктілікті арттыру курстарынан өткен және алған білімдерін, дағдыларын тәжірибеде сәтті қолданатын тарих пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу, олардың тәжірибесін қоғамда тану (бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау) іс-шараларына қатысу үшін тарту;

4. біліктілікті арттыру бағдарламаларын түзету.

Тыңдаушылармен курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыруға арналған байланыс құралдары:

№	Байланыс құралдары
1	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен тыңдаушылармен әр түрлі байланыс құралдары (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.) арқылы үздіксіз байланысты жүзеге асыру
2	Бірлескен жұмыс үшін «БЖИТО» https://t.me/centrnitBot , https:// center-nit.kz платформасында кәсіби қолдау

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру үшін ресурстық қолдау:

№	Ресурстық қамтамасыз ету
1	«БЖИТО» https://t.me/centrnitBot платформасы, сайты https:// center-nit.kz
2	Электрондық әдістемелік қор

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер тізімі:

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Заңы;

2. Коваль, Т. В. Жаһандық құзыреттіліктер [Электрондық ресурс] Т.В.Коваль, С.Е.Дюкова // оқу процесінде функционалдық сауаттылықтың алты бағыты бойынша цифрлық платформада ашық тапсырмалар банкін пайдалана отырып, 5-9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың мектепшілік мониторингін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар / ред. г. С. Ковалева. М: "РАО білім беруді дамыту стратегиясы институты" ФМБНУ, 2022. 360 б.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 "жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрығы;

4. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;

5. "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 Қаулысы;

6. Нұр-сұлтан қаласының 5-9 сыныптарындағы "Жаһандық құзыреттілік" курсы бойынша педагогтерге арналған нұсқаулық: КЕАҚ, И. Алтынсарин, 2022. - 178 б.;

7. Жалпы орта білім деңгейінің 10-сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттіліктер" курсының үлгілік оқу бағдарламасы-pdf

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1. "Жаһандық құзыреттілік" курсын оқытуды ұйымдастыру, Әділхан Төлегенұлы <https://www.youtube.com/watch?v=PZjCRN3Vjak>

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 "педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары"бұйрығы;

3. "Жаһандық құзыреттіліктер" элективті курсы (10-сынып), Нұр-сұлтан, 2022 ж.

Интернет ресурстары

1. Гуревич В. Рекомендации по разработке компетентностно-ориентированных заданий. <https://pandia.ru/text/78/484/54706.php>

2. Зегер ван дер Вал, PhD, «Работа с поколением Y и поколением Z», Назарбаев Университет, Высшая школа образования, октябрь 2018 г., www.zegervanderwal.com

3. Клименко Е.С. Дифференцированное обучение – оптимальный путь обучения всех и каждого. 2019 г. <https://cyberleninka.ru/article/n/differentsirovannoe-obuchenie-optimalnyy-putobucheniya-vseh-i-kazhdogo>

4. Паутова Л. Тенденции общественного развития: ценности будущего. Международный молодежный форум проектирования будущего «Гиперборея: битва идей». <https://bd.fom.ru/pdf/dokgiper.pdf>

5. Особенности современных международных отношений https://studme.org/1233111924369/politologiya/osobennosti_sovremennyh_mezhdunarodnyh_otnosheniy

6. Патрик Гриффин. «Навыки XXI века»: новая реальность в образовании. http://erazvitie.org/article/navyki_xxi_veka_novaja_realnost

7. <http://www.bris.ac.uk/education/study/continuing-professional-development-cpd/action-research>

